

FTAMP 14.15.15

<https://doi.org/10.26577/JES.2022.v70.i1.06>**А.С. Мағауова<sup>1</sup>**, **Ж.Т. Махамбетова<sup>1\*</sup>**, **А.Т. Искакова<sup>2</sup>**<sup>1</sup>Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.<sup>2</sup>Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Университеті, Қазақстан, Шымкент қ.

\*e-mail: mzhamilya@mail.ru

## ҚАЗАҚСТАН МЕН ЛИТВА ЖОҒАРЫ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГТАРДЫ ДАЯРЛАУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Жоғары білімнің құзыреттілікке бағдарланған білім беру стандарттарына көшу студенттердің табысты кәсіби қызметі үшін кәсіби құзыреттерін қалыптастыруды көздейді. Зерттеудің мақсаты Қазақстан мен Литвада әлеуметтік педагогтерді даярлау кезінде кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру тәжірибесін зерттеу, талдау болып табылады. Салыстырмалы сипаттамалық талдау қолданылды, әдебиеттер мен нормативтік құжаттарға шолуды, әлеуметтік педагогика бойынша бакалаврларды дайындауға арналған білім беру бағдарламаларын талдау кезінде жиналған зерттеу деректері келтірілді. Жоғары оқу орнында «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығы бойынша оқу кезінде, инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс істеу үшін кәсіби құзыреттердің тұтас жүйесі қалыптастырылуы тиіс. Қазақстан мен Литва елдерінде әлеуметтік педагогтерді даярлаудың сипаты мен үрдістері анықталды, әлеуметтік педагогтердің құзыреттерін қалыптастыру процесінде жалпы және ерекше және әлемдік қоғамдастық қабылдаған кәсіби құзыреттілікке бағдарлау қажеттілігі белгіленді. Литва Республикасының нормативтік құжаттарын талдау болашақ әлеуметтік педагогты даярлау, оның құзыреттерін дамыту мамандандырылған бағытта екенін және әлеуметтік педагогтерді инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс істеуге дайындауды көздейтінін көрсетті. Оған келесі пәндерді оқыту ықпал етеді: «Бала денсаулығы туралы білім беру», «Әлеуметтік педагогтың жұмысы», «Бала құқығын қорғау» және т.б.

**Түйін сөздер:** инклюзивті білім беру, кәсіби құзыреттер, сипаттамалық, салыстырмалы талдау, әлеуметтік педагогика.

A.S. Magauova<sup>1</sup>, Zh.T. Makhambetova<sup>1\*</sup>, A.T. Iskakova<sup>2</sup><sup>1</sup>Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty<sup>2</sup>South Kazakhstan State University named after M. Auezov, Kazakhstan, Shymkent

\*e-mail: mzhamilya@mail.ru

### Features of training of social educators in the higher education system of Kazakhstan and Lithuania

The transition to competency-oriented educational standards of higher education involves the development of professional competences for successful professional activity among students. The purpose of the research is to study and analyze the experience of the development of professional competences in the training of social educators in Kazakhstan and Lithuania. Comparative descriptive analyses were used, research data collected during the analysis of the literature review and regulatory data are presented. While studying at the university under the educational program "Social Pedagogy and self-cognition", in our opinion, an integral system of professional competences should be developed for working in an inclusive education. The nature and trends of the training of social educators in two countries are revealed, the general and special features in the process of developing the competences of social educators and the need to focus on professional competences adopted by the world community are identified. Analysis of the normative documents of the Republic of Lithuania showed that the training of future social educators, the development of its competences is in a specialized direction and involves the preparation of social educators to work in an inclusive education. It is facilitated by the teaching of the following disciplines: "Education about children's health", "The work of a social educator", "Protection of children's rights", etc.

**Key words:** inclusive education, professional competences, descriptive, comparative analyses, social pedagogy.

А.С. Мағауова<sup>1</sup>, Ж.Т. Махамбетова<sup>1\*</sup>, А.Т. Искакова<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Қазахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

<sup>2</sup>Южно-Казахстанский государственный университет, Казахстан, г. Шымкент

\*e-mail: mzhamilya@mail.ru

### Особенности подготовки социальных педагогов в системе высшего образования Казахстана и Литвы

Переход на компетентностно-ориентированные образовательные стандарты высшего образования предполагает формирование у студентов профессиональных компетенций для успешной профессиональной деятельности. Целью данного исследования является изучение, анализ опыта формирования профессиональных компетенций при подготовке социальных педагогов в Казахстане и Литве. Авторами применены сравнительный описательный анализ, приведены исследовательские данные, собранные при анализе обзора литературы и нормативных документов, образовательных программ. Во время обучения в ВУЗе по специальности «Социальная педагогика и самопознание» должна формироваться целостная система профессиональных компетенций для работы в условиях инклюзивного образования. Выявлены характер и тенденции подготовки социальных педагогов в двух странах, обозначено общее и особенное в процессе формирования компетенций социальных педагогов и необходимость ориентации на профессиональные компетенции, принятые мировым сообществом. Рассмотрены образовательные программы Казахстана и Литвы. Анализ нормативных документов Литовской Республики показал, что подготовка будущих социальных педагогов, развитие их компетенций осуществляется в профильном направлении и предполагает подготовку социальных педагогов к работе в условиях инклюзивного образования. Этому способствует преподавание следующих дисциплин: «Воспитание здоровья детей», «Работа социального педагога», «Защита прав детей» и др.

**Ключевые слова:** инклюзивное образование, профессиональные компетенции, описательный, сравнительный анализы, социальная педагогика.

#### Кіріспе

Педагогикалық ғылым мен практикада студенттердің құзыреттерін қалыптастыру проблемалары өзекті етілуде, бұл Қазақстан Республикасының жоғары кәсіптік білім беру Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында (МЖМБС) қамтылған мамандарды даярлауға қойылатын құзыреттілік тәсілінің жаңа талаптары жүйесінде көрініс табады. Кәсіби құзырет – бұл кәсіби білімнің, дағдылардың, сондай-ақ кәсіби қызметті жүзеге асыру тәсілдерінің жиынтығы (Хуторской, 2021) [1]. Ол сонымен қатар студенттердің іс-әрекетке жалпы қабілеті мен дайындығы, білім мен жағдай арасындағы байланысты анықтау, білім беру процесіне жеке тұлғаның тәуелсіз қатысуына бағытталған мәселелерді шешу үшін тиісті білім, дағдыларды қолдану ретінде қарастырылады. Демек, жоғары оқу орындарында оқу кезінде студенттерде әмбебап білім, білік, дағдылардың тұтас жүйесі, сондай-ақ дербес кәсіби қызмет тәжірибесі, яғни кәсіби құзыреттер қалыптастырылуы тиіс деген қорытынды жасауға болады (Хуторской, 2021) [1].

Бұл зерттеудің мақсаты Қазақстан мен Литвада әлеуметтік педагогтарды даярлау кезінде

кәсіби құзыреттерді қалыптастыру тәжірибесін зерттеу, талдау болып табылады. Екі елдегі әлеуметтік педагогтарды даярлаудың сипаты мен үрдістерін анықтауға сүйене отырып, әлеуметтік педагогтардың құзыреттерін қалыптастыру процесінде жалпыны және де ерекшеліктерін белгілеу; инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс істеу үшін кәсіби құзыреттерді әлеуметтік педагогтарды даярлау жөніндегі білім беру бағдарламасына және Қазақстан Республикасы МЖБС-на енгізу қажеттілігі, сондай-ақ Литва Республикасының жоғары оқу орындары мысалында әлеуметтік педагогтардың кәсіби құзыреттерін қалыптастыруда бейінді пәндердің мүмкіндіктерін пайдалану қажеттілігі.

#### Әдеби шолу

Қазіргі әдебиеттерді талдай отырып, болашақ әлеуметтік педагогтардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру мәселесі әлі де өзекті екендігіне көз жеткізуге болады. Әлеуметтік педагогтер – бұл әдетте жоғары білімі бар мамандар кәсіби дәрежеге ие болу үшін жылдан төрт жылға дейін жоғары оқу орнында оқу керек. Оқуларын әрі қарай жалғастырса, магистр дәрежесін алады. Толық емес жоғары білімі бар әлеуметтік педагогтер балалар интернаттарында жұмыс істей алады (Moss,

2019) [2]. Әлеуметтік педагогикада теория мен практика, ой мен әрекет біріккен (Hämäläinen, 2003) [3]. Әлеуметтік педагогика бойынша академиялық оқу бағдарламаларының мақсаттары мен мазмұны Әлеуметтік педагогиканың теориялық негіздері мен әлеуметтік-педагогикалық тәжірибені және кәсіби құзыреттіліктің сипатын ескереді (Hämäläinen, 2019) [4]. Л. Смекалова мен К. Nemejs әлеуметтік және азаматтық құзыреттіліктер “Әлеуметтік педагогика”, “Кенес беру”, “Әлеуметтік психология”, “Бос уақыт педагогикасы” және “Арнайы педагогика” пәндерді оқыту кезінде жақсы дамып келе жатқанын атап өтті (Smekalova, 2016) [5].

### Әдістеме және зерттеу әдістері

Зерттеуде 2019-2020 оқу жылының екі жоғары оқу орнының әлеуметтік педагогтерін даярлаудың таңдалған білім беру бағдарламаларына салыстырмалы, сипаттамалық талдау жүргізілді: Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ (Алматы қ., Қазақстан), Утена колледжі (Утена қ., Литва), «Әлеуметтік педагогика» мамандығының оқу жоспарларының құрылымы мен мазмұны, кәсіби құзыреттерді қалыптастырудағы мүмкіндіктері сипатталды. Салыстырмалы сипаттамалық тал-

даулар қолданылды (Loeb, 2021) [6], әдебиеттер мен нормативтік мәліметтерге шолуды талдау кезінде жиналған зерттеу деректері келтірілген: Қазақстан Республикасының МЖМБС; ҚазҰУ-да әлеуметтік педагогтерді даярлау бойынша сайттағы деректер, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ «6B018 – Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» білім беру бағдарламасының 2019 жылғы оқу жоспары; Литваның әлеуметтік педагогтерін даярлаудың білім беру стандарты.

### Зерттеу нәтижелері мен талқылау

Салыстырмалы талдау үшін таңдалған жоғары оқу орындары туралы жалпы ақпарат 1-кестеде көрсетілген.

Қазақстанда әлеуметтік педагогтерді даярлау практикасы 2010 жылы басталды. Болашақ мамандарды әлеуметтік-педагогикалық жұмысқа кәсіби даярлауды қамтамасыз ететін нормативтік құжаттар, оқу бағдарламалары мен оқу жоспарлары әзірленді (Bulatbayeva & etc, 2016) [7]. Онда педагогтерді даярлаудың халықаралық тәжірибесі көрсетілді, сондай-ақ қазақстандық жоғары кәсіптік білім беру жүйесінің ерекшеліктері ескерілді.

1-кесте – Жалпы мәліметтер

№		Қазақстан Республикасы	Литва
1	Оқу орнының атауы	Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ (Алматы қ., Қазақстан)	Утена колледжі, Қолданбалы Ғылымдар Университеті (Утена қ., Литва)
2	Оқу орнының түрі	Университет	Колледж (университет жанында)
	Студенттердің жалпы саны	25000-нан астам студенттер мен магистранттар	2,000-2,999 студент
3	Оқу деңгейі	Бакалавр	
4	ЖОО бітіргеннен кейін алған дәреже	«6B018 – Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» білім беру бағдарламасы бойынша бакалавр	Кәсіби бакалавр
5	Оқыту тілі	Қазақ, орыс	Литва, ағылшын, орыс
6	Оқу бағдарламасының ұзақтығы	4 жыл (8 семестр)	Күндізгі оқу түрі – 3 жыл, сырттай оқу – 4 жыл
7	Кредит саны	240 кредит	180 кредит

*ҚазҰУ-да әлеуметтік педагогтерді даярлау курсының құрылымы.* «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығы бойынша дайындық философия және саясаттану факультетінің құрылымына кіретін педагогика және білім беру менеджменті кафедрасында

жүзеге асырылады, бакалавриатта оқу ұзақтығы – 4 жыл, магистратурада – 2 жыл. Оқыту тілдері – қазақ, орыс. Дайындықтың мақсаты – оқушыларды рухани-адамгершілік жағынан жетілдіруге бағытталған, өмірде жалпы-адамзаттық құндылықтарды ұстанатын, терең

позитивті ойлау қабілеті дамыған, сондай-ақ «Өзін-өзі тану» пәнінің метапәндік рөлін практикада іске асыруға дайын мектепке арналған Өзін-өзі тану мұғалімдерін, әлеуметтік педагогика саласында кәсіби құзыреттілікке ие жоғары білікті мамандарды даярлау. Бакалаврларды даярлау кезінде, ең алдымен, оқытушылардың негізгі күш-жігері белгілі бір пәнді оқу кезінде дамитын кәсіби құзыреттерді қалыптастыруға бағытталуы керек. «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығы бойынша Қазақстан Республикасы МЖМБС (ГОСО, 2010) [8] сәйкес болашақ әлеуметтік педагогтерде келесі кәсіби құзыреттер қалыптастырылуы тиіс: арнайы, коммуникативтік, ақпараттық, зияткерлік, әлеуметтік, дербес, бейіндік. «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығының түлектері білім беру жүйесінде әлеуметтік педагог, жұмыссыз және табысы аз адамдарды әлеуметтік қолдаудың басқа да органдарында бала құқықтарын қорғау жөніндегі маман, балаларды дамыту орталықтары мен басқа да компанияларда аниматор ретінде жұмыс істей алады. Түлектерге «Өзін-өзі тану мұғалімі, мектептегі әлеуметтік педагог» біліктілігі беріледі (ФФП, 2021) [9].

Әлеуметтік-педагогикалық мәселелер, әлеуметтік педагог жұмысының маңыздылығы туралы өз жұмыстарында А.С. Мағауова (2020) және т. б. [10], Ұ.Қ. Қыяқбаева (2020) және т.б. [11], І.Р. Халитова (2020) және т. б. [12] көрсетеді.

*Утена колледжінде Әлеуметтік педагогика бакалаврларын дайындау (Утена қ., Литва).* Утена колледжінде (Утена қ., Литва) оқу 3 тілде жүргізіледі: литва, ағылшын, орыс. Күндізгі оқу түрі – 3 жыл, сырттай оқу – 4 жыл. Әлеуметтік педагогиканы оқыту бағдарламасының мақсаты профилактикалық жұмысты, оқушылар топтары

мен олардың отбасыларымен ұйымдастыруға, қарым-қатынас және ынтымақтастық дағдыларына үйретуге, әлеуметтік педагогтің жеке және кәсіби дамуына ықпал етуге қабілетті маман даярлау болып табылады. Бағдарлама студенттерге қоғамға, оқу орнына жақсы бейімделуге, даму, оқу, өсу үшін берілген барлық мүмкіндіктерді пайдалануға, сонымен қатар жақсы білім беру нәтижелеріне қол жеткізу үшін клиенттің қоршаған ортасымен жұмыс істеуге көмектесетін маманды дамытуға бағытталған. *Әлеуметтік педагог* – бұл әлеуметтік мекемелерде жұмыс істейтін, педагогикалық білімі бар және баланы әлеуметтендіруге, ерте профилактикаға және әлеуметтік-педагогикалық оңалтуға жағдай жасай алатын адам (Образовательная программа, 2021) [13].

Бір семестрде 30 кредит қарастырылған, семестрде 7 модульден артық емес [13]. Оқыту келесі модульдер бойынша жүргізіледі: «Адам және қоршаған ортаны тану»; «Балаларға білім беру»; «Бала және отбасы»; «Әлеуметтенудің қауіп факторлары» және т. б.

Зерттеуге «6B018 – Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» (ҚазҰУ) білім беру бағдарламасының келесі пәндері таңдалды: «Әлеуметтік педагогика» – (бейіндік пән), «Инклюзивті білім беру», «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар»; «Әлеуметтік-педагогикалық жұмыс технологиялары».

«6B018 – Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» білім беру бағдарламасының 2019 жылғы оқу жоспарына сәйкес «Әлеуметтік педагогика» пәні базалық пән болып саналады, міндетті компонентке жатады; пререквизит – Педагогика, Постреквизит – Әлеуметтік-педагогикалық жұмыс технологиялары [15] (2-кесте).

**2-кесте** – «Әлеуметтік педагогика», «Инклюзивті білім беру», «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар», «Әлеуметтік-педагогикалық жұмыс технологиялары» пәндері туралы мәліметтер

Кредит саны	Жалпы сағат саны	Дәрістер	Практикалық сабақтар	СӨЖ	СӨЖ
5	150 с.	15 с.	30 с.	7 с.	98 с.

«Әлеуметтік педагогика» пәнін оқу барысында білім беру бағдарламасында қабілеттер ретінде көрсетілген құзіреттерді қалыптастыру қажет (3-кесте).

Біздің ойымызша, «Әлеуметтік педагогика» пәнін оқыту нәтижесіндегі кәсіби құзыреттер толық көлемде көрсетілмеген. МЖМБС-да да, білім беру бағдарламасында да *әлеуметтік*

педагогтерді ерекше қажеттіліктері бар, мүмкіндігі шектеулі адамдармен жұмыс істеуге даярлау, инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс істеуге даярлау көзделмейді.

Әлеуметтік педагогтің инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс істеуге құзыреттерін қалыптастыруға «Инклюзивті білім беру» пәні ықпал етеді. «БВ018-Әлеумет-

тік педагогика және өзін-өзі тану» білім беру бағдарламасының оқу жоспарына сәйкес «Инклюзивті білім беру» пәні ЖОО компонентіне жатады, Пререквизиттер жоқ, постреквизит – «Әлеуметтік педагогика» (2-кесте). «Инклюзивті білім беру» пәнін оқу барысында студенттердің қабілеттері қалыптасады, олар 4-кестеде сипатталған.

**3-кесте** – Құзыреттердің сәйкестігі

№	Пәнді оқыту барысында қалыптасатын құзыреттер	Талаптар	ҚР МЖМБС сәйкес пәнді оқу нәтижесіндегі құзыреттер
1	Әлеуметтік педагогика тақырыбын, оның компоненттерін, жеке тұлғаның және әртүрлі топтардың әлеуметтік мінез-құлқының құбылыстары мен заңдылықтарын сипаттау	Кәсіби құзыреттілік арнайы, коммуникативтік, ақпараттық, зияткерлік, әлеуметтік, дербес, бейінді құзыреттіліктерді қамтиды	Зияткерлік құзыреттілік
2	Білім беру процесінің субъектілерімен әлеуметтік өзара әрекеттесу		Арнайы, коммуникативтік, зияткерлік, әлеуметтік, дербес, бейінді құзыреттілік
3	Сипатталған жағдай бойынша әлеуметтік әсер ету түрін анықтау; шешілетін есептерге өз көзқарасын білдіру		Арнайы, интеллектуалды, дербес, бейінді құзыреттілік
4	Позитивті қарым-қатынас дағдыларын дамыту; жан-жақты жағдайларды шешу, топ жұмысын ұйымдастыру дағдылары		Коммуникативтік, интеллектуалдық, әлеуметтік құзыреттілік
5	Әлеуметтік әсер ету түрін анықтаңыз		Арнайы, коммуникативтік, интеллектуалдық, әлеуметтік, дербес, бейінді құзыреттілік

**4-кесте** – ҚР МЖМБС құзыреттерге сәйкес «Инклюзивті білім беру» пәнін зерттеу нәтижесінде талап етілетін құзыреттердің сәйкестігі

№	Пәнді оқыту барысында қалыптасатын құзыреттер	Талаптар	ҚР МЖМБС сәйкес пәнді оқу нәтижесіндегі құзыреттер
1	адамның психикалық және психофизиологиялық дамуының жалпы, ерекше заңдылықтарын, ерекшеліктерін атау	кәсіби құзыреттілік арнайы; коммуникативтік, ақпараттық, интеллектуалдық, әлеуметтік, дербес, бейінді құзыреттіліктерді қамтиды	арнайы, зияткерлік, бейінді құзыреттілік
2	инклюзивті білім берудің қолданыстағы модельдерін, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды тәрбиелеудің нормативтік-құқықтық базасын сипаттау		арнайы, ақпараттық, зияткерлік, дербес құзыреттілік
3	әр түрлі типтегі мүгедек балалардың ауруларының даму тарихы туралы ақпаратты жинау және бастапқы өңдеуді жүзеге асыру		арнайы, коммуникативтік, ақпараттық, зияткерлік, әлеуметтік, бейінді құзыреттілік
4	дамудың бұзылуы бар балалардың бірлескен және жеке іс-әрекеттерін ұйымдастыру		арнайы, коммуникативтік, ақпараттық, зияткерлік, әлеуметтік, бейінді құзыреттілік

№	Пәнді оқыту барысында қалыптасатын құзыреттер	Талаптар	ҚР МЖМБС сәйкес пәнді оқу нәтижесіндегі құзыреттер
5	инклюзивті білім берудің стратегияларын, әдістерін қолдану, білім беру интеграциясы субъектілерін қолдауды ұйымдастыру, бұқаралық мектеп жағдайында білім беру интеграциясының оңтайлы жағдайларын жасауға қабілетті		арнайы, коммуникативтік, ақпараттық, зияткерлік, әлеуметтік, дербес, бейіндік құзыреттілік
6	ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен, ата-аналарымен қарым-қатынаста өз эмоционалды жағдайдың тұрақтылығын бақылау		зияткерлік, әлеуметтік құзыреттілік
7	оқушыларды коммуникативтік, ойын және оқу іс-әрекетінде дамыту мәселелері бойынша түзету білім беру мекемесінің педагогтерімен, т.б. мамандармен тиімді өзара іс-қимыл жасау		арнайы, коммуникативтік, әлеуметтік, дербес, бейіндік құзыреттілік
8	ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға арналған педагогикалық процесті талдау және бағалау		зияткерлік құзыреттілік

Мемлекеттік Жалпыға Міндетті Білім Беру Стандартында тұжырымдалған құзыреттіліктерде болашақ әлеуметтік педагогтерді денсаулық мүмкіндіктері шектеулі (ДМШ) және ЕБҚ (ерекше білім беру қажеттіліктері) бар адамдармен жұмыс істеу бойынша кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру көзделмегенін атап өту қажет.

Әлеуметтік педагог ақпараттандыру және компьютерлендіру жағдайында жұмыс істейді, сондықтан оның ақпараттық құзіреттілігін қалыптастыру маңызды: ақпараттандыру және компьютерлендіру технологиялармен (АКТ) жұмыс істеу дағдылары, технологияны қолданумен байланысты технологиялық дағдылар; компьютерлік дағдылар және ақпараттық басқару қабілеттері. Пән ағылшын тілінде оқылады (2-кесте). Бұл пән біздің заманымызда өте өзекті деп санаймыз, әлеуметтік педагог осы пән бойынша кәсіби құзыреттілікке ие болуға, контингентпен және іс жүзінде жұмыс істей білуге, интернет арқылы кеңес беруге, сонымен қатар, маманның өзі барлық гаджеттерді, бағдарламаларды, платформаларды иеленуге міндетті. Біріккен Ұлттар Ұйымының Білім, Ғылым және Мәдениет жөніндегі Ұйымына сәйкес, «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» пәні – бұл ақпаратты өңдеуде, оны қолдануда және әлеуметтік, экономикалық және мәдени мәселелермен байланыста қолданылатын ғылыми, технологиялық және инженерлік

пән және басқару техникасы» (Ratheeswari, 2018) [16]. Бұл пән қоғамға динамикалық өзгерістер енгізеді. Олар өмірдің барлық салаларына әсер етеді, студенттерге де, педагогтерге де оқу мен оқытуды жеке қажеттіліктерге бейімдеуге, инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс істеуге көбірек мүмкіндік береді. Пандемия кезінде компьютерлік желілер білім алушылармен байланыс орнатудың жалғыз құралы болды, ақпараттық технологиялардың маңызы артты.

«Әлеуметтік-педагогикалық жұмыс технологиялары» пәні – бейіндік пән/міндетті компонент, «Әлеуметтік-педагогикалық жұмыс технологиялары және оқыту әдістемесі» модуліне кіреді. Пререквизиттер – Әлеуметтік педагогика. Постреквизиттер – Девиантология (2-кесте). Әлеуметтік педагогтерді кәсіптік даярлау табыстылығының маңызды шарты практикалардың әр түрін ұйымдастыру болып табылады: кәсіптік (оқу) практика; кәсіптік-педагогикалық практика; кәсіптік (әлеуметтік-педагогикалық) практика; кәсіптік (педагогикалық) практика; кәсіптік (диплом алды) практика. Осылайша, Қазақстанның ЖОО-ның оқу процесіне енгізілетін «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығы бойынша мамандарды даярлау жөніндегі білім беру бағдарламасы білім алушының нақты қажеттіліктері мен мүдделеріне, мүмкіндіктеріне сәйкес келетін оқытудың мазмұнын, нысандары мен әдістерін таңдау арқылы

оның жеке басын дамытуға бағытталған. Осы модельді іске асырудың түпкілікті нәтижесі қалыптасқан құзыреттер кешеніне ие әлеуметтік саланың кәсіби білікті мамандарын даярлауға бағытталған.

Литва Республикасында әлеуметтік педагогтерді даярлау тәжірибесін қарастырайық. Утена қолданбалы ғылымдар университеті (Литва, Утена қ. әлеуметтік педагогтерді даярлаудың білім беру бағдарламасы [13]) «Әлеуметтік педагогика» мамандығы бойынша білім беру бағдарламасын талдай келе, бұл бағдарлама болашақ әлеуметтік педагогтерді келесі құзыреттерді қалыптастыруды көздейтінін атап өту қажет: литва тілінде қарым-қатынас жасау (жазбаша да, ауызша да), барлық жағдайларда өз білімін жетілдіру; академиялық және кәсіби мақсаттар үшін жалпыеуропалық тілдер жүйесіне (CEFR) сәйкес B2-ден төмен емес деңгейде кемінде бір шет тілін пайдалану; зерттеу нәтижелерін жинау, өңдеу, талдау, қорытындылау және түсіндіру, оларды талқылау, зерттеу қорытындылары мен ұсыныстарын тұжырымдау; білім беру және оқыту мәселесін анықтау; қауіпсіз, толерантты, ашық топта оқытуды көтермелейтін және өзара іс-қимылға, диалог пен әріптестікке тартатын ынтымақтастық ортаны құру; оқушының эмоционалды, әлеуметтік, зияткерлік, шығармашылық, рухани дамуы, сондай-ақ өзін-өзі тәрбиелеуді қолдайтын ортаны құру; оқушыларды, ата-аналарды (асырап алушы ата-аналарды), әріптестерді, әлеуметтік және білім беру қызметтерін ұсынатын, ортақ мақсаттарға ұмтылатын мекемелердің өкілдерін әлеуметтендіру, ынтымақтасу және ынталандыру, жеке тұлғаның даралығын мойындай отырып, білім алушының дамуын бағалау және т. б.

Жоғарыда аталған құзыреттер Литва Республикасы, Білім және ғылым министрлігі, Әлеуметтік қамсыздандыру және Еңбек министрлігі (Вильнюс, 2008, 1-қосымша) «Әлеуметтік педагогтің кәсіби білім беру және кәсіби даярлау стандартының» құзыреттеріне сәйкес келеді [14]. Литва Республикасының нормативтік құжаттарын талдау болашақ әлеуметтік педагогті даярлау, оның құзыреттерін дамыту мамандандырылған бағытта екенін және әлеуметтік педагогтерді инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс істеуге дайындауды көздейтінін көрсетті. Оған келесі пәндерді оқыту ықпал етеді: «Бала денсаулығы туралы білім беру», «Әлеуметтік педагогтің жұмысы», «Бала құқығын қорғау» және т.б. [13].

Қазақстан мен Литва республикаларының 2 университетінде әлеуметтік педагогтерді даярлаудың білім беру бағдарламаларын салыстыруы Литвада мамандық бойынша студенттердің бейіндік дайындығы 1-курстан басталатынын, ал Қазақстанда бейіндік пәндерді тереңдетіп оқыту 3-семестрден басталатынын көрсетеді. Біздің зерттеуімізде біз халықаралық әлеуметтік педагогтер қауымдастығының Еуропалық бюросы қабылдаған «Еуропаның әлеуметтік педагогтерінің Бірыңғай платформасы» құжатына назар аударамыз. Бұл әлеуметтік педагогтің жұмыс тәжірибесі үшін қажетті құзыреттіліктің қажетті деңгейіне арналған критерийлер жиынтығын белгілеген құжат (The professional competences, 2008) [17].

### Қорытынды

Қазақстан мен Литва Республикаларында әлеуметтік педагогтерді даярлау тәжірибесіне жүргізілген салыстырмалы талдауы Қазақстан Республикасында кәсіби құзыреттілікке арнайы; коммуникативтік, ақпараттық; зияткерлік; әлеуметтік: дербес; бейінді құзыреттер кіретінін көрсетті (ҚР МЖМБС 6.08.079-2010 сәйкес). Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында мамандық бойынша бакалаврдың негізгі, пәндік және арнайы құзыреттеріне қойылатын талаптар тұжырымдалған. Алайда, МЖМБС-да тұжырымдалған құзыреттіліктерде болашақ әлеуметтік педагогтерге *ерекше қажеттіліктері бар, мүмкіндігі шектеулі адамдармен* бар адамдармен жұмыс істеу бойынша кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру көзделмегенін атап өту қажет. «БВ018-Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» білім беру бағдарламасының әрбір пәні инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс істеу үшін әлеуметтік педагогті даярлауға мүмкіндік береді. Дегенмен, бұл мүмкіндіктер білім беру бағдарламасында да, әлеуметтік педагогтерді даярлау жөніндегі ҚР МЖМБС-да да көрсетіліп, ашылғанын қалар едік. ЖОО-да «әлеуметтік педагогика» мамандығы бойынша оқу кезінде, біздің ойымызша, инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс істеу үшін кәсіби құзыреттердің тұтас жүйесі қалыптастырылуы тиіс.

### Ұсыныстар

1) Әлеуметтік педагогтерді даярлау бойынша ҚР МЖМБС-да, әлеуметтік педагогтерді даярлаудың білім беру бағдарламаларында қабілеттер, құзыреттер, құзыреттілік, кәсіби

құзыреттер терминдерін ажырата білу. 2) Инклюзивті білім беру жағдайында жұмысқа дайындық бойынша әр пәннің мүмкіндіктерін пайдалана отырып, 1-курстан бастап бейіндік пәндерді тереңдетіп оқытуды бастау. 3) Білім беру бағдарламасына «Инклюзивті білім беру жағдайындағы әлеуметтік педагогтің қызметі» авторлық курсы енгізуді ұсынамыз (Мағауова, 2018) [18]. 4) Инклюзивті білім беру жағдайында болашақ әлеуметтік педагогтермен жұмыс істеу үшін ЖОО оқытушыларының біліктілігін арттыру.

### Әдебиеттер

- 1 Хуторской А.В. Технология проектирования ключевых и предметных компетенций. [Электронный ресурс] – Режим доступа. – URL: <http://www.eidos.ru/journal/2005/1212.htm> (дата обращения 2.05.2021).
- 2 Moss P., Petrie P. Education and social pedagogy: What relationship? *London Review of Education*. – 2019. – 17(3), PP. 393-405. doi: 10.18546/LRE.17.3.13
- 3 Hämäläinen J. Developing social pedagogy as an academic discipline. In A. Gustavsson, H.E. Hermansson, J. Hämäläinen (Eds), *Perspectives and theory in social pedagogy*. Goteborg: Bokförlaget Daidalos A.B., 2003. – PP.133-153  
[https://www.researchgate.net/publication/242555198\\_Developing\\_social\\_pedagogy\\_as\\_an\\_academic\\_discipline](https://www.researchgate.net/publication/242555198_Developing_social_pedagogy_as_an_academic_discipline)
- 4 Hämäläinen J. Social Pedagogy as a Scientific Discipline, a Branch of Academic Studies and a Field of Professional Practice. *EccoS – Revista Científica*, 2019. – 48, 17-34. doi: 10.5585/eccos.n48.12393
- 5 Smekalova L., Nemejc K. Transferable Competencies of Graduates of Vocational Education: a Retrospective Survey 2007-2014. In V. Dislere (Ed.), *The Proceedings of the International Scientific Conference Rural Environment. Education. Personality (REEP)*, 9. Jelgava: LLU, 2016, PP. 94-103. Retrieved from  
<https://lufb.llu.lv/conference/REEP/2016/Latvia-Univ-Agricult-REEP 2016proceed2255-808X-106-113.pdf> (дата обращения 20.03.2021).
- 6 Loeb, S., Dynarski, S., Mc Farland, D., Morris, P., Reardon, S., & Reber, S. *Descriptive analysis in education: A guide for researchers. (NCEE 2017–4023)*. Washington, DC: U.S. Department of Education, Institute of Education Sciences, National Center for Education Evaluation and Regional Assistance. <https://files.eric.ed.gov/fulltext/ED573325.pdf> (дата обращения 20.03.2021).
- 7 Bulatbayeva A.A., Mynbayeva A., Taubayeva Sh., Madaliyeva Z. Experience of Designing Of Educational Training Programs of Social Pedagogues: Comparative Analysis // *The Social Sciences. Medwell journals* – 2016. – №11(16). – PP.3927-3935.
- 8 Государственный общеобязательный стандарт образования Республики Казахстан. Бакалавриат. Специальность «Социальная педагогика и самопознание». Министерство образования и науки Республики Казахстан. – Астана: ГОСО РК 6.08.079-2010.
- 9 Бакалавриат. Факультет философии и политологии. [<https://www.kaznu.kz/ru/8712> (дата обращения 9.07.2020).
- 10 Мағауова А.С. Опыт формирования компетенций социальных педагогов в использовании социальной терапии в инклюзивном образовании // *Понятийный аппарат педагогики и образования: сборник научных трудов / отв. ред. М.А. Галагузова*. – Екатеринбург: [б. и.], 2020. – Вып. 12. – 327-333.
- 11 Қыякбаева Ұ., Иниязова А., Асанханова Ж., Шырынбаева Қ., Сураншиева М. Әлеуметтік педагогтің жасөспірімдермен тұрғылықты мекен-жайы бойынша жүргізілетін жұмысы // *Педагогика және психология*. – 2020. – 1(42). – 109-115.
- 12 Халитова І.Р., Қыякбаева Ұ.Қ., Атемкулова Н.О. Абай мұрасындағы әлеуметтік-педагогикалық ойлар // *Педагогика және психология*. – 2020. – 1(42). – 172-178.
- 13 Образовательная программа подготовки социальных педагогов в г. Утена, Литва <https://www.utenos-kolegija.lt/en/studies-program/social-pedagogy> (дата обращения 25.03.2021).
- 14 Vocational Education and Training Stanndard for a Social Pedagogue. The Republic of Lithuania. Ministry of Education and Science. Ministry of Social security and Labour. – Vilnius, 2008.
- 15 Учебный план Образовательной программы «6B018 – Социальная педагогика и самопознание» от 2019 г. КазНУ им. аль-Фараби.
- 16 Ratheeswari K. Information Communication Technology in Education. May 2018. *Journal of Applied and Advanced Research* 3(S1):45. *Journal of Applied and Advanced Research*, 2018: 3(Suppl.1) S45–S47 <https://dx.doi.org/10.21839/jaar.2018.v3S1.169ISSN 2519-9412>
- 17 The professional competences of social educators a conceptual framework. (2008). *International Association of Social Educators*. Retrieved from <http://www.thetcj.org/wp-content/uploads/2008/03/aieji.pdf> (дата обращения 24.04.2021).
- 18 Мағауова А.С., Махамбетова Ж.Т. Деятельность социального педагога в условиях инклюзивного образования: учебно-методическое пособие. – Алматы: Казак университети, 2020. – 188 с. <https://magkaznu.com/ru/shop/deyatel-nost-social-nogo-pedagoga-v-usloviyah-inklyuzivnogo-obrazovaniya-uchebno-metodicheskoe-posobie-188-s> (дата обращения 29.04.2021).

### References

- Bakalavriat. Fakul'tet filosofii i politologii [Bachelor level. Faculty of philosophy and political sciences]. <https://www.kaznu.kz/ru/8712> (In Russian)
- Bulatbayeva A. A., Mynbayeva A., Taubayeva Sh., Madaliyeva Z. Experience of Designing Of Educational Training Programs of Social Pedagogues: Comparative Analysis // *The Social Sciences. Medwell journals* – 2016. № 11(16): 3927-3935.
- Educational program for training social pedagogues in Utena, Lithuania (2019). <https://www.utenos-kolegija.lt/en/studies-program/social-pedagogy>
- Hämäläinen J. (2003). Developing social pedagogy as an academic discipline. In A. Gustavsson, H.E. Hermansson, J. Hämäläinen (Eds), *Perspectives and theory in social pedagogy*. Goteborg: Bokförlaget Daidalos A.B., 133-153.

- Hämäläinen J. (2019). Social Pedagogy as a Scientific Discipline, a Branch of Academic Studies and a Field of Professional Practice. *EccoS - Revista Científica*, 48, 17-34. doi: 10.5585/eccos.n48.12393
- International Association of Social Educators (2008). The professional competences of social educators a conceptual framework. (2008). <http://www.thetcj.org/wp-content/uploads/2008/03/aieji.pdf>
- Khalitova I., Kyyakbayeva U., Atemkulova N. (2020) [Socio-pedagogical ideas in Abay's legacy. -1(42). -172-178. (In Kazakh) Khutorskoy A.V. Tekhnologiya proektirovaniya kl'uchevykh i predmetnykh kompetencii [el'ektronnyi resurs]. 2005. – Rezhim dostupa- URL: <http://www.eidos.ru/journal/2005/1212.htm> (In Russian)
- Kyyakbayeva U., Iniyatova A., Assankhanova Zh., Shyrynbayeva K., M. Suranchieva (2020) Aleumettik pedagogtyn zhasospirimdermen turgykykty meken-zhayi boynsha zhurgiziletin zhumysy [The work of a social educator with adolescents in the community]. *Pedagogy and psychology*, vol.1, no 42, pp.109-115. (In Kazakh)
- Loeb, S., Dynarski, S., Mc Farland, D., Morris, P., Reardon, S., & Reber, S. *Descriptive analysis in education: A guide for researchers*. (NCEE 2017–4023). Washington, DC: U.S. Department of Education, Institute of Education Sciences, National Center for Education Evaluation and Regional Assistance. <https://files.eric.ed.gov/fulltext/ED573325.pdf>
- Magauova A.S. Opyt formirovaniya kompetencii sotcial'nykh pedagogov v ispol'zovanii sotcial'noi terapii v inkluzivnom obrazovanii [Experience in the development of competences of social educators in the use of social therapy in inclusive education]. *Conceptual apparatus of pedagogy and education: collection of scientific papers / ed. by M. A. Galaguzov. - Yekaterinburg - 2020. - Vol. 12. – 327-333. (In Russian)*
- Ministerstvo obrazovaniya i nauki Respubliki Kazakhstan Gosudarstvennyi obshebyazatelnyi standart obrazovaniya Respubliki Kazakhstan. Bakalavriat. Special'nost' "Social'naya pedagogika i samopoznanie". [Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan The state compulsory standard of education of the Republic of Kazakhstan. Bachelor course. Specialty "Social pedagogy and self-cognition"] (2010). Astana: State Educational Institution of the Republic of Kazakhstan 6.08.079-2010.
- Moss P., Petrie P. (2019). Education and social pedagogy: What relationship? *London Review of Education*, 17(3), 393-405. doi: 10.18546/LRE.17.3.13 (2.05.2021)
- Ratheeswari K. Information Communication Technology in Education. May 2018. *Journal of Applied and Advanced Research* 3(S1):45. *Journal of Applied and Advanced Research*, 2018; 3(Suppl.1) S45–S47 <https://dx.doi.org/10.21839/jaar.2018.v3S1.169> ISSN 2519-9412 / © 2018 Phoenix Research Publishers
- Smekalova L., Nemejc K. (2016). Transferable Competencies of Graduates of Vocational Education: a Retrospective Survey 2007-2014. In V. Dislere (Ed.), *The Proceedings of the International Scientific Conference Rural Environment. Education. Personality (REEP)*, 9. Jelgava: LLU, 94-103. <https://llufb.llu.lv/conference/REEP/2016/Latvia-Univ-Agricult-REEP 2016proceed2255-808X-106-113.pdf>
- The Republic of Lithuania. Ministry of Education and Science. Ministry of Social security and Labour (2008). *Vocational Education and Training Standard for a Social Pedagogue*. Vilnius.
- Uchebnyi plan obrazovatel'noi programmy "6B018- Sotsial'naya pedagogika i samopoznanie" ot 2019 g. KazNU im. Al-Farabi [Curriculum of the Educational program "6B018-Social pedagogy and self-cognition] (In Russian)